

ГЕОГРАФИЯ

Нұсқау: Сізге берілген төрт жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тапсырмалар беріледі.

1. Жер бедері формаларының атауы
 - А) хороним
 - В) гидроним
 - С) урбаноним
 - Д) ороним
2. Елді мекен атауларын зерттейтін топонимика саласы
 - А) ойконимдер
 - В) оронимдер
 - С) хоронимдер
 - Д) урбанонимдер
3. Ежелгі платформа тақтасы



- А) Тұран тақтасы
- В) Торғай қолаты
- С) Шығыс Еуропа
- Д) Қазақ қалқаны

4. Ұшақ арқылы Жерді бақылау әдісі
 - A) аэрофототүсірілім
 - B) радиолокациялық
 - C) сканерлік
 - D) спектральдық
5. Тұрақты дамудың маңызды аспектісі
 - A) машина жасау
 - B) ғарышты игеру
 - C) қоршаған ортаны сақтау
 - D) шикізатты экспорт шығару
6. Геосфераның химиялық ластану түріне жатады
 - A) бактериологиялық ластану
 - B) улы газдар
 - C) вирустық ластану
 - D) эстетикалық ластану
7. Өндірістік сала үлесі азайып, қызмет көрсету саласы артқан елдердің шаруашылық кезеңі
 - A) индустрияландыруға дейінгі
 - B) индустриялық
 - C) постиндустриялық
 - D) аграрлы
8. Табиғи газға бай ТМД елі
 - A) Эстония
 - B) Латвия
 - C) Түрікменстан
 - D) Иран
9. Геосаяси қауіпсіздіктің нысаны
 - A) ел ішінде және аймақішілік қауіп-қатердің қалыптасуы
 - B) мемлекет аралық қарама-қайшылықтың пайда болуы
 - C) ел ішінде экономикалық жағдайдың нашарлауы
 - D) мемлекет аумағының біртұтастығы
10. Унитарлы конституциялық монархиялық мемлекет
 - A) Франция
 - B) Ресей
 - C) Жапония
 - D) Италия
11. Қазақ КСР Ғылым академиясының бірінші президенті
 - A) Қ.Сәтбаев
 - B) У.Ахмедсафин
 - C) Ш.Уәлиханов
 - D) Ш.Есенов

12. Суретте бейнеленген мемлекет




- A) Италия
 - B) Португалия
 - C) Испания
 - D) Бельгия
13. 100 млн-нан астам халқының пайдалануға жарамды тазартылған суға қол жеткізе алмауы байқалатын ел
- A) Бразилия
 - B) Мексика
 - C) ОАР
 - D) Нигерия
14. Экономика мен өнеркәсіптің жоғары қарқынмен даму кезеңі
- A) аграрлы
 - B) индустриялық
 - C) постиндустриялық
 - D) индустрияландыруға дейінгі
15. Қазақстанмен Тянь – Шань тауы арқылы шектесетін ел
- A) Тәжікстан
 - B) Ресей
 - C) Қырғызстан
 - D) Түрікменстан
16. Халық санының ұдайы артуы мен өндірістің қарқынды дамуына байланысты сұраныстың жоғарылауынан туындаған ғаламдық мәселе
- A) су көздерін тазарту
 - B) жаппай қарулану
 - C) энергетика және шикізат
 - D) дүние жүзілік мұхит
17. Еуразия материгінің солтүстік-шығыс жағалауындағы теңіз
- A) Беринг
 - B) Баренц
 - C) Норвег
 - D) Балтық

18. «БРИКС» халықаралық ұйымына мүше мемлекеттің ірі қаласы
- A) Сан-Паулу
 - B) Киев
 - C) Мехико
 - D) Буэнос-Айрес
19. Жиынтық ішкі өнімнің (ЖІӨ) деңгейі жоғары елдердің дамуына әсер ететін сала
- A) аграрлық
 - B) өнеркәсіп
 - C) ауыл шаруашылық
 - D) қызмет көрсету
20. Румыниямен шектесетін жүзім шарабын экспорттайтын ел
- A) Словения
 - B) Чехия
 - C) Германия
 - D) Молдова

Нұсқау: Сізге контекст негізіндегі ұсынылған төрт жауаптан бір дұрыс жауапты таңдауға арналған тест тапсырмалары беріледі. Контексті мұқият оқып, берілген тапсырмаларға дұрыс жауап беріңіз.

Шаруашылықтың экономикалық құрылымының дамуы



Шаруашылықтың экономикалық құрылымының дамуы Кларк экономикасының секторлық үлгісінде жасалған. Секторлардың бөлінуі экономика салаларының даму қарқыны мен бәсеңдеуі, жаңа экономика салаларының пайда болуымен байланысты. Бастапқы сектор өңдеуден өтпеген, тікелей табиғаттан алынатын өнімдерді шығарады. ХХІ ғ. басында ауылшаруашылығының үлесі ЖІӨ-де дүниежүзі бойынша орта есеппен 4%-ды құрады. Бірақ бұл көрсеткіш дамыған елдерде төмен, дамушы елдерде жоғары екендігін көрсетеді. Бұған себеп, экономикалық белсенді халықтың басым бөлігінің сол салаларда еңбек етуі. Екінші секторда тауар өндіру үлесі басым болды. Индустриалды кезеңде экономиканың Азиялық және Латын Америкалық үлгілері пайда болды. Үшінші секторда соңғы өнім және тұтынушы арасында қызмет көрсету салаларының дамығандығымен ерекшеленді.

21. ЖІӨ көлемінде ауыл шаруашылығы үлесінің басымдығымен ерекшелетін аграрлық мемлекет
- A) Оңтүстік Корея
 - B) Сомали
 - C) Португалия
 - D) Сингапур

22. Индустрияландыруға дейінгі кезеңде дамыған экономика саласы
- A) халықаралық туризм
 - B) металлургия
 - C) егін шаруашылығы
 - D) машина жасау
23. Курьерлік қызметтер, риэлторлық қызметтер басым дамыған шаруашылықтың экономикалық кезеңі
- A) постиндустриялық кезең
 - B) индустриялық кезең
 - C) Азиялық үлгідегі даму кезеңі
 - D) индустрияландыруға дейінгі кезең
24. Индустриялық кезеңнің Азиялық үлгісі тән елдер
- A) Малайзия, Тайланд
 - B) Оңтүстік Корея, Жапония
 - C) Пәкістан, Ауғанстан
 - D) Бразилия, Аргентина
25. Индустриялық кезеңнің Азиялық үлгісі тән сипатталама
- A) экономиканы басым түрде сыртқы нарыққа бағыттау
 - B) экономиканы импорт алмастырушы бағытта дамыту
 - C) шетел инвестициясына негізделген экономика
 - D) қызмет көрсету, логистика орталықтарын құру


Нұсқау: Сізге бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар тапсырмалар беріледі.

26. Ауа райын бақылау құралы(-дары)
- A) нивелир
 - B) тұсбағар
 - C) курвиметр
 - D) барометр
 - E) флюгер
 - F) термометр
27. Аустралия материгінің жағалауындағы теңіз(-дер)
- A) Жапон
 - B) Араб
 - C) Тасман
 - D) Қара
 - E) Кариб
 - F) Беринг
28. Адамның өмір сүру ортасы сапасының көрсеткіші (көрсеткіштері)
- A) топырақтың сапасы
 - B) өсімдіктің өнуі
 - C) орман алқаптарының таралуы
 - D) ауаның сапасы
 - E) энергия тұтыну көлемі
 - F) судың сапасы
29. Ескі өнеркәсіпті аудандағы дамыған сала(-лар)
- A) көмір өнеркәсібі
 - B) қара металлургия
 - C) роботехника
 - D) автомобиль жасау
 - E) химия
 - F) тоқыма өнеркәсібі
30. Аралда орналасқан мемлекет(-тер)
- A) Қазақстан
 - B) Бразилия
 - C) Ұлыбритания
 - D) Куба
 - E) Жаңа Зеландия
 - F) Өзбекстан

31. Аудандарды анықтау реттілігі

- A) проблемаларды шешу
- B) болжау жасау
- C) төменнен аудандастыру
- D) ауданға жіктеу
- E) жоғарыдан аудандастыру
- F) идеялар жинақтау

32. Жезқазған қаласының жылдық ауа температура амплитудасы



- A) 24,4
- B) 29,1
- C) 25,3
- D) 37,5
- E) 10,8
- F) 11,3

33. Қазақстанның оңтүстігіндегі қорғасынмен көп ластанған қала(-лар)

- A) Қостанай
- B) Нұр-Сұлтан
- C) Көкшетау
- D) Текелі
- E) Глубокое
- F) Шымкент

34. Экономиканың төрттік сектор(-лар)ы

- A) қаржы
- B) табиғатты пайдалану
- C) сауда
- D) өңдеуші өнеркәсіп
- E) басқару және ғылым
- F) байланыс

35. Созылыңқы пішіндегі мемлекеттердің астанасы (астаналары)

- A) Берлин
- B) Мадрид
- C) Стокгольм
- D) Прага
- E) Осло
- F) Сантьяго